

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY OF PETROLEUM CORPORATIONS</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	
Құжаттың атауы	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ объектілерінде қызметін жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен ЕТҰ-ның өзара іс-қимылы кезіндегі қызмет жқніндегі үлгі регламент	
Құжат түрі: Регламент	Коды КМГ-RG-3599.1-4	4 беттің 1-беті
Әзірлеген: Мұқанов А.Б.  « 11 » 05 2020 ЖЫЛ	Тексерген: Рахимбергенов Е.М.  « 11 » 05 2020 ЖЫЛ	Басқарманың 2020 жылғы « 2 » маусым шешімімен бекітілді, № 25 хаттама


1. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ объектілерінде қызметін жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен ЕТҰ-ның өзара іс-қимылы кезіндегі қызмет жөніндегі осы үлгі Регламент (бұдан әрі – Регламент) ҚМГ іскерлік беделіне нұқсан келтірудің сыртқы және ішкі тәуекелдерін мейлінше азайту мақсатында, оның ішінде ҚМГ объектілерінде қызметін жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен ЕТҰ жасасатын шарттарына еңбек заңнамасын сақтау, қызметкерлерді әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлармен және тамақпен қамтамасыз ету, қызметкерлерге еңбекақы төлеу деңгейін белгілеу, қызметкерлерді еңбек міндеттерін орындау үшін қажетті еңбек құралдарымен қамтамасыз ету, Мердігерлік ұйымның қызметкерлері мен жұмыс берушілері арасында сындарлы өзара іс-қимыл үшін жағдайлар жасау саласында қойылатын бірыңғай талаптар қою арқылы әзірленді.

2. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

2.1. Осы Регламент өз персоналы бар және ҚМГ объектілерінде барлық ілеспе жұмыстар мен қызметтерді қоса алғанда, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсету үшін тартылатын мердігерлік ұйымдармен шарттар жасасу және олардың орындалуына мониторинг жүргізу кезінде ЕТҰ-ның орындауы үшін міндетті.

2.2. Осы ҚМГ ЕТҰ регламентін қолдану белгіленген тәртіппен ұқсас регламентті әзірлеу және бекіту немесе ҚМГ ЕТҰ ішкі құжаттарын регламентке сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте осы Регламентте қамтылған талаптар ҚМГ ЕТҰ ұқсас регламентімен және ішкі құжаттарымен салыстырғанда төмендетілмеуі тиіс.


 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY QAZMUNAIGAS</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ объектілерінде қызметін жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен ЕТҰ-ның өзара іс-қимылы кезіндегі қызмет жөніндегі үлгі регламент	
Регламент	RG-6.13-8	4 беттің 2-беті

3. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Регламенттің мақсаттары үшін мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

ЕТҰ	- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдары, оның ішінде бірлесіп бақыланатын ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындары.
Шарт әкімшісі	- шарт жасасудың бастамашысы болып табылатын және Мердігерлік ұйымдардың шарттық міндеттемелерінің орындалуына мониторингті жүзеге асыратын ҚМГ ЕТҰ құрылымдық бөлімшесі;
Ереуіл	- жұмыс берушімен ұжымдық еңбек дауында қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық және кәсіптік талаптарын қанағаттандыру мақсатында жұмысты толық немесе ішінара тоқтату;
ҚМГ	- «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;
ҚБ басшылары	Шарттың әкімшілері болып табылатын ЕТҰ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары
ҚМГ объектілері	- өндірістік қызметте пайдаланылатын және ЕТҰ аумақтарында (келісімшарттық аумақтарда) орналасқан ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, технологиялық жабдықтар мен өндірістік қондырғылар;
Мердігерлік ұйымдар	- жасалған шарт шеңберінде жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету үшін ЕТҰ тартқан, ЕТҰ объектілерінде қызметін жүзеге асыратын және штатында жеке персоналы бар заңды немесе жеке тұлға;

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY "KAZMUNAYGAS"</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ объектілерінде қызметін жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен ЕТҰ-ның өзара іс-қимылы кезіндегі қызмет жөніндегі үлгі регламент	
Регламент	RG-6.13-8	4 беттің 3-беті

4.1. ЕТҰ-ның бірінші басшылары, ҚБ басшылары және Шарттың әкімшісі: 1) Мердігерлік ұйыммен жасалатын шартқа осы Регламенттің № 1 қосымшасы болып табылатын «Мердігерлік ұйымдарға еңбек қатынастары саласындағы қойылатын талаптарды» (бұдан әрі – Талаптар) енгізу;

2) Мердігерлік ұйымдар тарапынан Талаптарды бұзушылықтар туралы, оның ішінде ҚМГ объектілерінде Мердігерлік ұйым қызметкерлерінің ереуіл бастағаны туралы ҚМГ-ны уақтылы хабардар ету үшін;

3) ҚМГ-ге осы Регламенттің орындалу барысы туралы кемінде жарты жылда 1 (бір) рет хабардар ету үшін жауапты болады.

4.2. ҚБ басшылары:

1) ҚМГ ЕТҰ бірінші басшыларын Мердігерлік ұйымдар тарапынан талаптардың бұзылуы туралы, оның ішінде ҚМГ объектілерінде Мердігерлік ұйым қызметкерлерінің ереуіл бастағаны туралы уақтылы хабардар ету;

2) Мердігерлік ұйымдардың талаптардың ережелерін сақтауына, оның ішінде әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы жағымсыз көріністердің туындауының ықтимал факторларын, себептерін, шарттары мен алғышарттарын анықтау және тіркеу тұрғысынан бақылау және үздіксіз мониторинг жүргізу;


3) Мердігерлік ұйымдардың Талаптардың ережелерін сақтауы мақсатында олармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

4) проблемалық мәселелерді шешу бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу үшін жүргізілетін мониторингтік іс-шаралардың нәтижелерін талдау және ҚМГ-ны мердігерлік ұйымдардың кемінде жарты жылда 1 (бір) рет талаптар талаптарын орындау барысы туралы хабардар ету үшін жауапты болады.

5. ТЕКСЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

5.1. ҚМГ ЕТҰ Мердігерлік ұйымдардың еңбек қатынастары саласындағы міндеттемелерді сақтауы тұрғысынан жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізуге құқылы. Жоспардан тыс тексерулер Мердігерлік ұйым қызметкерлерінің заңды құқықтарының бұзылуы туралы келіп түскен арыздары мен өтініштері, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, мемлекеттік органдардан және өзге де көздерден, оның ішінде ҚМГ ЕТҰ лауазымды тұлғаларынан келіп түскен мәліметтер негізінде жүргізіледі.

Тексеруді Шарт әкімшісі не ЕТҰ-да арнайы құрылған комиссиялар/жұмыс топтары жүргізеді.

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY QAZMUNAIGAS</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ объектілерінде қызметін жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен ЕТҰ-ның өзара іс-қимылы кезіндегі қызмет жөніндегі үлгі регламент	
Регламент	RG-6.13-8	4 беттің 4-беті

Талаптарға сәйкестігін тексеру Мердігерлік ұйымның уәкілетті өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Бұл ретте, Мердігерлік ұйым (Талаптардың ережелеріне сәйкес) тексеру барысында қызметкерлермен еңбек қатынастарына қатысты өзекті және объективті деректерді ұсынуға, барлық әлеуметтік-тұрмыстық және өндірістік сипаттағы объектілерге қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті.

Мердігерлік ұйымдар Талаптарды орындамаған жағдайда, ҚМГ ЕТҰ Мердігерлік ұйымды шартты бұзуға дейін жауапкершілікке тартады.

Қандай да бір әлеуметтік-еңбек жанжалдары туындаған немесе қызған жағдайда ҚМГ ЕТҰ туындаған жағдайды шешу бойынша Мердігерге қолданыстағы заңнамаға сәйкес жәрдем көрсетуге тиіс.

6. Құжаттарға сілтеме


жоқ

7. Жазба нысандары

1.	KMG-F-3600.1-4/ RG-3599.1-4	Мердігерлік ұйымдарға еңбек қатынастары саласында қойылатын талаптар
----	-----------------------------	--

8. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

Ережеге өзгертулер мен толықтырулар белгіленген тәртіпте ҚМГ Басқармасының шешімімен енгізіледі.

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯ</small>	Мердігерлік ұйымдарға еңбек қатынастары саласында қойылатын талаптар	
АБЖ нысаны	KMG-F-3600.1-4/ RG-3599.1-4	9 беттің 1-беті

№ _____ шартқа

№ _____ қосымша

Мердігерлік ұйымдарға еңбек қатынастары саласында қойылатын талаптар

I. Мердігердің (Орындаушының) Шарт бойынша жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) барысындағы міндеттемелері.

1. Шарт бойынша жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) барысында Мердігер (Орындаушы) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарын, оның ішінде:

- 1) Еңбек шарттарын жасасу тәртібі, олардың мазмұны мен нысанына қойылатын талаптар;
- 2) Адамды еңбек шарты жасалғаннан кейін ғана жұмысқа жіберу;
- 3) Жұмыс уақытының ұзақтығы және жұмыс уақытының режимі;
- 4) Ауысымдық жұмыс және жұмысты ұйымдастырудың вахталық әдісі;
- 5) Түнгі уақыттағы жұмыс және үстеме жұмыс;
- 6) Қызметкерлердің демалыстары;
- 7) Еңбекке ақы төлеудің ең төменгі мөлшері және еңбекке ақы төлеу саласындағы кепілдіктер;
- 8) Еңбекақы төлеу тәртібі мен мерзімдері бөлігінде мүлтіксіз орындауға міндеттенеді.

2. Өндіріс мәдениетінің, денсаулық сақтаудың заманауи деңгейін қамтамасыз ету, еңбек қабілеттілігі мен өнімділігін арттыру мақсатында *өз қызметкерлері үшін мынадай әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз ету:*

1) Шартты орындау кезінде тартылған Мердігердің/Орындаушының өндірістік қызметінің барлық орындарында ыстық тамақпен және ауыз сумен қамтамасыз ету, атап айтқанда,:

- қызметкерлерді қанағаттандыратын сапалы тамақтандырумен қамтамасыз ету, күнделікті бақылауды ұйымдастыру. Тағамның сіңімділігі жоғары, дәмі жақсы, пайдаланылатын өнімдері әртүрлі, тиісті химиялық құрамы ағза қажеттіліктерін толық қанағаттандыратын болуы тиіс. Ауыр дене еңбегіндегі қызметкерлер үшін энергия, ақуыздар, майлар мен көмірсулар бойынша ұсынылатын тұтыну күніне 3450-ден 3600 ккал-ға дейін болуы тиіс. Осыған байланысты қызметкерлерді тамақтандыру рационы



жұмсалған энергияны толықтыратын болуы тиіс және бір түскі асқа (кешкі ас) 1500 ккал-дан кем болмауға тиіс.

- деформацияланған, жиегі шытынаған, жарылған, сынған, эмалі зақымдалған ас үй және асхана ыдыстарын; алюминийден жасалған асханалық аспаптарды; азық-түлік турауға пластмассадан және сығымдалған шереден жасалған тақтайларды пайдалануға жол бермеу;

- тамақ дайындау орындары санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес болуы тиіс, термостық тамақтану жағдайында сонымен қатар Мердігер/Орындаушы қызметкерлерінің тамақ дайындау мен қабылдаудың барлық кезеңдерінде жоғарыда көрсетілген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету қажет.

2) Тапсырыс берушінің объектілерінде (жұмыс процесі вахталық әдіспен жүзеге асырылатын қаладан тыс елеулі қашықтықта орналасқан объектілерде) жұмыс істейтін қызметкерлерді тұрғын жаймен қамтамасыз ету, атап айтқанда:

- вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлерді жұмыс жүргізу объектісінде болған кезеңде тұрғын жаймен қамтамасыз ету. Жатақханалардың тұрғын бөлмелерінің ауданы бір адамға кемінде 6м² есебінен айқындалады;

- аптасына кемінде 1 рет төсек жабдықтарын, сүлгілер мен басқа да жұмсақ мүкәммалды ауыстыру

- жуу, зарарсыздандыру құралдарын қолдана отырып, құрғақ және ылғалды жинау – қажеттілігіне қарай күн сайын, бірақ күніне 1 реттен кем емес;

- өрт қауіпсіздігі шараларын, ішкі өртке қарсы қорғау жүйесі бар өрт сигнализациясы мен түтін сезбектерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету;

- электр техникалық жабдықтар мен желілердің, салқынмен-жылумен жабдықтау жүйелерінің, ыстық және суық сумен жабдықтау жүйелерінің, желдету жүйелері жұмысының үздіксіз және авариясыз жүргізілуін, сондай-ақ алдын алу жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз ету;

- санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес жатақханаларды таза ұстау үшін жуу, зарарсыздандыру құралдарымен (ҚР-да қолдануға рұқсат етілген) және қағаз сүлгілермен, дәретхана қағаздарымен, материалдық-техникалық жарақтандырумен қамтамасыз ету.

Мердігерде/Орындаушыда қызметкерлерді Тапсырыс берушінің объектілерінде (жұмыс процесі вахталық әдіспен жүзеге асырылатын қаладан тыс жерде орналасқан объектілерде) тұрғын жаймен қамтамасыз ету үшін өз үй-жайлары болмаған жағдайда, Мердігер/Орындаушы өз қызметкерлерін тұрғын жағдайларымен қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс берушінің көрсетілген объектілеріндегі тұрғын үй-жайларды пайдалануға рұқсат алу үшін шаралар қолдануға міндетті.

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY</small> <small>ҰАТТЫҢ ҚОҒАМЫ</small>	Мердігерлік ұйымдарға еңбек қатынастары саласында қойылатын талаптар	
АБЖ нысаны	KMG-F-3600.1-4/ RG-3599.1-4	9 беттің 3-беті

3) Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істейтін қызметкерлерді Тапсырыс берушінің объектілеріне жеткізу, сондай-ақ объектілер арасында жүріп-тұру үшін көлікпен қамтамасыз ету, бұл ретте:

- Мердігердің/Орындаушының жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға және көлік қызметін көрсетуге арналған барлық рұқсат құжаттары болуы тиіс.

- жолаушыларды тасымалдауға арналған көлік құралдарының жинақталымы: ауа баптағыш/жылыту, жұмсақ отырғыштар, Автобустар мен шағын автобустардың салондары таза, отырғыштары бұзылмаған және реттелетін болуы тиіс;

- көлік құралдары жайлылық талаптарына сай болуы, барлық жолаушылар үшін қауіпсіздік белдіктерінің болуы және жазғы және қысқы мезгілдерде толық техникалық жабдықталуы тиіс.

4) Мердігердің/Орындаушының міндеттемелерді Шарттың талаптарына толық сәйкестікте орындауын қамтамасыз ету үшін қызметкерлерді қажетті мөлшерде және жарамды күйдегі еңбек құралдарымен, атап айтқанда: еңбек құралдарымен немесе механикалық еңбек құралдарымен (білдектермен, машиналармен, жабдықпен, аспаптармен және т. б.) қамтамасыз ету.

II. Қызметкерлер арасындағы көңіл-күй туралы ақпаратты уақтылы алу мақсатында Мердігердің (Орындаушының) қызметкерлермен өзара іс-қимыл тәртібі

Мердігер/Орындаушы қызметкерлерінің арасындағы көңіл-күй туралы ақпаратты уақтылы алу және қызметкерлерді ұйымның қызметі туралы хабардар ету мақсатында Мердігер/Орындаушы ішкі коммуникациялардың мынадай тетіктерін қамтамасыз етеді:

1) Мердігердің/Орындаушының бірінші басшысы жыл сайын бірінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 1 қыркүйекке дейін және жылдың қорытындылары бойынша 1 наурызға дейін өзінің қызметкерлерімен әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелері бойынша кездеседі, онда еңбек ұжымы Мердігердің/Орындаушының өндірістік көрсеткіштері туралы хабардар етіледі, ал Мердігердің/Орындаушының басшылығы қызметкерлердің сұрақтары мен ұсыныстарын жинайды, оларға жауап береді; Мердігердің/Орындаушының бірінші басшысы өз ұйымының қызметкерлерін жеке мәселелер бойынша айына кемінде бір рет қабылдауды жүзеге асырады;

2) Мердігер/Орындаушы өз қызметкерлері өтініштерінің қаралуын және өтініш берушілердің қабылданған шешімдер туралы жауаптар алуын қамтамасыз етеді.



III. Мердігердің (Орындаушының) осы Талаптардың ережелерін сақтауы тұрғысынан Тапсырыс берушінің тексеру жүргізуінің тәртібі

Тапсырыс беруші Мердігердің/Орындаушының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және осы Талаптардың ережелерін сақтауы тұрғысынан жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізуге құқылы. Тексеру нәтижелері осы Талаптарға қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша Тексеру парағын жасау арқылы ресімделеді.

Жоспарлы тексерулер жылына кемінде 1 рет жүргізіледі. Жоспардан тыс тексерулер Мердігер/Орындаушы қызметкерлерінің заңды құқықтарды бұзу туралы келіп түскен өтініштер мен арыздары; бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар; мемлекеттік органдардан және өзге де көздерден, оның ішінде Тапсырыс берушінің лауазымды адамдарынан келіп түскен мәліметтер негізінде жүргізіледі.

Тапсырыс беруші тексерулер жүргізуі барысында Мердігер (Орындаушы):

- Тапсырыс берушіге өзекті және дәйекті деректерді ұсынуға;
- Тапсырыс берушінің әлеуметтік-тұрмыстық және өндірістік сипаттағы барлық объектілерге кіруін қамтамасыз етуге міндетті.

IV. Мердігердің (Орындаушының) еңбек қатынастары саласындағы ілесне міндеттемелері

Мердігер (Орындаушы):

- әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы жағымсыз көріністердің пайда болуының ықтимал факторларын, себептерін, жағдайларын және алғышарттарын анықтау және тіркеу тұрғысынан еңбек ұжымындағы ахуалға үздіксіз мониторингті және талдауды жүзеге асыруға;
- еңбек ұжымында әлеуметтік наразылықтың туындауының нақты және ықтимал тәуекелдерін зерттеуге, бағалауға және болжауға;
- қандай да бір әлеуметтік-еңбек жанжалдары пайда болған немесе қызған жағдайда, Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндеттенеді. Бұл ретте, қызметкерлердің өкілдерімен келіссөздер жүргізу процесіне кірісіп, туындаған жағдайды қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешу бойынша шаралар қабылдауға;
- Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істейтін мердігер ұйымдарға ұқсас Талаптарды белгілеуге міндеттенеді.

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ</small>	Мердігерлік ұйымдарға еңбек қатынастары саласында қойылатын талаптар	
АБЖ нысаны	KMG-F-3600.1-4/ RG-3599.1-4	9 беттің 5-беті


«Мердігерлік ұйымдарға еңбек қатынастары саласында қойылатын талаптарға» қосымша

_____ шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде еңбек қатынастары саласындағы міндеттемелерді сақтау тұрғысынан Тапсырыс берушінің Мердігерге/Орындаушыға тексеру жүргізуіне арналған
ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

<i>Осы Тексеру парағы мердігерлік ұйымда жүргізілетін тексеру кезінде жазба жазуға арналған нысан ретінде қолданылады</i>				
<i>Мердігерлік ұйым дербес заңды тұлға бола отырып, ҚР Еңбек кодексі нормаларының сақталуы және еңбек саласындағы шарттық талаптардың орындалуы үшін жауапты болады</i>				
<i>Бұл тексеру еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйін қамтымайды</i>				
<i>Тексеру кезеңі</i>				
ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ				
Тексеруге қатысушылар				
Өткізу орны				
Өткізу күні				
МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ				
Компанияның атауы				
Қызметкерлердің жалпы саны				
Жұмысқа қабылдау				
		нә	жоқ	түсініктеме
1	Еңбек шарты ресімделген және 1 данасы қызметкерлерге берілген.			
2	Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтар бар және олармен танысулары қызметкерлері, соның ішінде жарияламау туралы міндеттеме коммерциялық құпияны/құпиялылық			
Жұмыс режимі және демалыс				
3	Жұмыс уақытын есепке алу табеліне қол қойылған және нақты жұмыс істеген уақыты көрсетілген			
4	Жұмыс уақытын есепке алу табельдеріне сәйкес вахта кезеңдері 15 күннен аспайды			
5	Табельдерге сәйкес, жұмыс уақыты еңбек шартында белгіленген ұзақтықтан аспайды			
6	Компанияда соңғы екі жылда еңбек демалысы берілмеген қызметкерлер жоқ			



7	Еңбек шарты ҚР ЕК-ге толық сәйкестікте жасалды			
8	Еңбек шарттарын бұзу ҚР ЕК талаптарына толық сәйкестікте жүзеге асырылды			
9	Жұмыс уақытының ұзақтығы ҚР ЕК талаптарына сәйкес реттеледі			
10	Жұмыс уақытының режимі ҚР ЕК-де белгіленген нормаларға сәйкес келеді			
11	Қызметкерлерді түнгі уақытта және үстеме жұмысты орындау үшін жұмысқа тарту кезінде бұзушылықтарға жол берілмейді.			
12	Үстеме жұмыстардың жалпы ұзақтығы айына он екі сағаттан және жылына бір жүз жиырма сағаттан аспайды.			
13	Жұмыскердің жұмыстың аяқталуы мен оның келесі күні басталуы (жұмыс ауысымы) арасындағы күнделікті (ауысымаралық) тынығуының ұзақтығы он екі сағаттан кем емес.			
14	Негізгі жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы қызметкерлерге демалыс кестесіне сәйкес уақтылы және толық көлемде беріледі.			
Еңбекақы және өзге де төлемдер		иә	жоқ	түсініксіз
15	Еңбекақы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақпалай нысанда белгіленеді және айына бір реттен сиретпей, келесі айдың бірінші онкүндігінен кешіктірілмей төленеді.			
16	Төлем парақтарындағы сомалар мерекелік, демалыс күндеріндегі, түнгі және мерзімнен тыс жұмыс істегені үшін төлемді қоса алғанда, табельдерде көрсетілген сағаттар санын дұрыс көрсетеді.			
17	Зейнетақы және әлеуметтік аударымдардың төлем растамасы бар			

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY "KAZMUNAYGAS"</small>	Мердігерлік ұйымдарға еңбек қатынастары саласында қойылатын талаптар	
	АБЖ нысаны	KMG-F-3600.1-4/ RG-3599.1-4

9 беттің 7-беті

18	Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақы ҚР заңнамасына сәйкес дұрыс өтеледі			
19	Мердігер ҚР ЕК-де көзделген еңбекке ақы төлеу саласындағы мемлекеттік кепілдіктерді орындайды.			
Еңбек қатынастарын бұзу		иә	жоқ	түсініктеме
20	Қызметкердің бастамасы бойынша жұмыстан босатудың барлық жағдайы жеке өтініштермен расталған, дұрыс ресімделген			
21	Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатудың барлық жағдайы дұрыс әрі ҚР Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді			
Ұжымдық шарт талаптарын орындау		иә	жоқ	түсініктеме
22	Компанияда ұжымдық шарт бар			
23	Компанияда қызметкерлер өкілдерінің жұмыс комитеті/кәсіподағы бар			
Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға қойылатын талаптар		иә	жоқ	түсініктеме
24	Өндірістік қызметтің барлық орындарында ыстық тамақпен және ауыз сумен қамтамасыз ету			
25	Вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлерді жұмыс жүргізу объектісінде болған кезеңде тұрғын жаймен қамтамасыз ету. Жатақханалардың тұрғын бөлмелерінің ауданы бір адамға кемінде 6 м ² есебінен айқындалады			
26	Аптасына кемінде 1 рет төсек жабдықтарын, сүлгілер мен басқа да жұмсақ мүкәммалды ауыстыру			
27	Жуу, зарарсыздандыру құралдарын қолдана отырып, құрғақ және ылғалды жинау – қажеттілігіне қарай күн сайын, бірақ күніне 1 реттен кем емес;			
28	Өрт қауіпсіздігі шараларын, өрт сигнализациясы мен түтін датчиктерінің үздіксіз жұмысын,			



	өртке қарсы қорғаудың ішкі жүйесімен, сондай-ақ қауіпсіздіктің күзет жүйелерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету;			
29	- электр техникалық жабдықтар мен желілердің, салқынмен-жылумен жабдықтау жүйелерінің, ыстық және суық сумен жабдықтау жүйелерінің, желдету жүйелері жұмысының үздіксіз және авариясыз жүргізілуін, сондай-ақ алдын алу жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз ету.			
30	- санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес жатақханаларды таза ұстау үшін жуу, зарарсыздандыру құралдарымен және қағаз сүлгілермен, дәретхана қағаздарымен, материалдық-техникалық жарақтандырумен қамтамасыз ету.			
31	4) Мердігердің/Орындаушының міндеттемелерді Шарттың талаптарына толық сәйкестікте орындауын қамтамасыз ету үшін қызметкерлерді қажетті мөлшерде және жарамды күйдегі еңбек құралдарымен, атап айтқанда: еңбек құралдарымен немесе механикалық еңбек құралдарымен (білдектермен, машиналармен, жабдықпен, аспаптармен және т. б.) қамтамасыз ету.			
32	Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істейтін қызметкерлерді Тапсырыс берушінің объектілеріне жеткізу, сондай-ақ объектілер арасында жүріп-тұру үшін көлікпен қамтамасыз ету.			
33	Көлік құралдары жайлылық талаптарына сай, барлық жолаушыларға арналған қауіпсіздік белдіктері бар және жазғы және қысқы мезгілдерге сай толық техникалық жабдықталған.			



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY • ТАБИИ ҚАЗАҚСТАН

Мердігерлік ұйымдарға еңбек қатынастары
саласында қойылатын талаптар

АБЖ нысаны

KMG-F-235.13-8/ RG-6.13-8

9 беттің 9-беті

	Ішкі коммуникациялар	иә	жоқ	түсініктеме
34	Бірінші басшының еңбек ұжымымен кездесуі.			
35	Қызметкерлерді жеке мәселелер бойынша айына кемінде 1 (бір) рет қабылдау.			
36	Қызметкерлердің өтініштерін қарау және өтініш берушілердің қабылданған шешімдер туралы жауап алуы.			
37	Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушінің өндірістік процестеріне әсер етуі мүмкін өткір проблемалық мәселелер туындаған жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді.			